

Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым!

Бүгінгі таңда еліміз тәуелсіздік алғалы 30 жылдан асты. Осы Ұлы жеңістің, жетістіктің арқасында, 30 жыл ішінде – биік шыңдарды бағындырып, біраз жаңалықтар, жетістіктер, жеңістер, еңбектер атқарылды. Ең қомақтылары – өз шекарамыз бекітіліп, Ата заңымыз, кең байтақ жеріміз, жаңа Астанамыз бар Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дініміз бен ділімізді қайта оралттық. Мемлекеттігіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық. Егемен дамудың 25 жылы ішінде Қазақстан әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына енді, Стратегия - 2030-ды мерзімінен бұрын іске асырды, Стратегия - 2050, "100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі мемлекет" Ұлт жоспарын жүзеге асыра бастады. Бүгін Қазақстан - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында жаңғырған өзгерістердің көшбасшысы. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық, Астана саммиті, Ислам ынтымақтастық ұйымындағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестегі, Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалық - бұл Қазақстанның жүргізіп жатқан саясатының арқасында қол жеткізілген үздік жетістіктер. Сондықтан да, біз үшін Тәуелсіздіктің 30 жылғы кезеңі ел тарихындағы ерекше кезең. Әлемде қаншама елде тәуелсіздігі жоқ яки енді алып жатыр. Ал бізге 30 жыл. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Қазақстан тұңғыш рет халықаралық қауымдастық мойындаған, құқықтық рәсімделген тәуелсіз мемлекет мәртебесін алды. Бұл тарихи оқиға - қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы мен үмітінің орындалу нәтижесі. Жыл сайынғы ел Президентіміздің халыққа арналған жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мындаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.

16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн — Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков, Сәбира Мұқанова, Ләззат Асанова сынды апа – ағаларымыз ерлік көрсетті. Әр халықтың тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан

– ұрпаққа танылған, өмірі мен үлгі өнеге – болатын абзал адамдар болған және бола бермек. Дүниені дүр сілкіндіріп, қазақ елінің бостандық туын көтерген ерлеріміз мәңгі есте қалары сөзсіз. Сол бір 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында қазақтың қазақтығын сақтап қалу үшін, біздің тәуелсіз ел болып, ата – бабадан аманат болып қалған өз жерімізді өзіміз басқаруымыз үшін қан төгіп, жазықсыз жазаланған, кеудесіне қазақ деген ұлттың намысы ата қанымен, ана сүтімен келген қыршың жастар Қазақстан тәуелсіздігін аламыз деп қасық қанын қиған жоқ па еді?! Сол күндер қазір алыстап кеткенімен, отты жылдардың жарықшағы қалған жүректер әлі де бар арамызда. Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің бірден – бір себебі болған – Желтоқсан оқиғасы. Тек сол жылдардың тақсиретін тартпай, бейбіт күнде өмірге келген жастар сол жылдарды бағалай білсе игі. Біз тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі болашақ ұрпақ – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің ертеңі екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. Мен осындай бейбіт және тату елде тұрып жатқанымды мақтан тұтамыз. Мен – егеменді еліміздің ертеңімін. Мен де тәуелсіздік еліміздің табысына мақтана отырып, ортақ мақсатқа бір кісідей жұмыла түсуім, менің болашақтағы міндетті парызым. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!» – деп өршіл ақын Мағжан Жұмабаев атамыз болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Еліміздің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Болашақта Қазақстанды дамыған өркениетті отыз елдің қатарына енгізетін – ол бүгінгі біздер жастармыз. Біз жастар – елдің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу, ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ортақ отанымызды дамыту мен көркейту – біздің мүдделі мұратымыз. Міне, бүгінгі күнде еліміз бақытты күн кешуде. «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп атауымыздың астарында үлкен мән бар. Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиялық жолдауы осынау мәңгілік жолдағы ұрпақтар бірлігінің, сабақтастығының көрінісі www.kaznu.kz. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - қасиетті Қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Мың жаса тәуелсіз Қазақ Елі! Тәуелсіз еліміз-гүлденіп, өсе бер!-деп тілейміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шет тілдері кафедрасының оқытушысы:

Мурзатаева Айгерим Төлеутаевна

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары: Саткенова Ж.Б., Дауытова Ж.Қ., Мужигова Г.М.

ЖОО-ҒА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ СЕНБІЛІК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Монғолия, ҚХР, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Иран, Ауған Ислам Республикасы тағы басқа елдерден келген отандастар білім алуға. Шетелден келген жастарды аз уақыттың ішінде тілді меңгертіп, Қазақстан тарихынан мол мәліметтер беріп, өз отанын сүйюге, құрметтеуге, патриотты азамат болып шығуына көп үлес қосуда. Сонымен қатар қоғамға еркін араласып кетуіне бағыт-бағдар беру істерінің маңызын арттырып, осы мақсатта ауқымды іс атқарып келеді. Шетелден келген қандастар тілдік ортаға тез бейімделіп, қалаған мамандықтарын игеру үшін мұнда, дәрістен тыс атқарылатын тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралар өткізіп отыру жоспары жақсы жолға қойылған. Осының арқасында шетелден келген отандастардың, қоғамымызға қосылған ауқымды мәдени істерге, өз үлестерін қосуда. Сондай-ақ факультет, кафедра жанынан ашылған



оқытушылардың клуб, үйірме жұмыстары да, осы мақсатта жұмыс атқарып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ерекшелігі, барлық шетелден келген жастарының шоғарланған жері болғандықтан, оларға Қазақстанның дамуы туралы дұрыс пікір қалыптастырып, бір ұйдң баласындай бауырмал болып бейбітшілікте тұруын қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының татулығын көрсету. Факультетімізде қазақ диаспора өкілдерімен бірге бұл жерде әлемнің түкпір-түкпірінен келген шетелдік азаматтар осындай танымдық білім алып, қазақ тілін үйреніп, қазақтың салт-дәстүрімен танысып, тарихын, мәдениетін игеруде. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып, білім алу – кез-келген жастың арманы. Оған ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының білікті ұстаздары кәсіби білім беріп, жоғары деңгейде оқуға түсуге еңбек сіңіреді. Айтпағымыз, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті тазалық денсаулық кепілі ретінде «Бүкіл қалалық сенбілікке» факультет, кафедра басшылары, оқытушылар тобымен шығып аула тазалығына ат салысып, қызу белсенділік көрсетті. Осы орайда жасалып жатқан сенбіліктер, қала тынысының кеңеюіне үлесін қосады деген ойдамыз. Бұндай сенбіліктер біздің қоғамымызға керек шаралардың бірі. Өйткені ұжымдық рухты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып тұру үшін маңызы зор. Біріншіден жастарды еңбекке баулу болса, екінші жағынан денсаулыққа пайдалы іс-шаралар. Тазалық табалдырықтан басталады демекші, бұл өздері білім алып жатқан оқу орнына, сонымен қатар өздері ауасын жұтып жүрген қаласына деген құрметті білдіреді. Тазалық жанашырлары оқу корпустарының айналасын қоқыстан тазартып, айналасы көркейтуіне өз үлестерін қосты. Бұл шаралар адамдардың табиғатқа деген қарым-қатынасы мен қамқорлығын көрсетеді. Қалалық атқарылған сенбілік жоғары деңгейде атқарылып өз мәресіне жетті.

**ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары:
Сандықбаева Ө.Д., Мажикызы Н., Ибрагимова М.Н.**

ЕЛДІГІМІЗДІ АСҚАҚТАТҚАН КҮН

Биыл маусым айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда 25 қазан Республика күнін Ұлттық мереке деңгейінде атап өту туралы жарлыққа қол қойды. Бұл сонау отыз жыл бұрын 1990 жылы осы күні «Қазақ ССРнің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданған болатын. Қабылданған құжат Қазақстанның болашақ іргетасы саналды. Осы маңызды құжаттың негізінде еліміздің территориясы, мемлекеттік рәміздері, халықаралық дербестігі белгіленген болатын. Еліміздің осы маңызды күнін мерекелеу желтоқсан айына ауыстырылып, бұл күндегі мереке 2009 жылы алынып тасталған болатын. Биыл осы айтулы оқиғаның маңыздылығын ескеріп, он үш жылдан кейін, мемлекеттік деңгейде аталып өтіп жатыр. Осы игі шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы да ерекше атап өтті. Себебі, осы заңның аясында біз шетелдегі қазақ бауырларымызды елге жинап, оларға білім алуына, елдің дамуына өз үлестерін қосып, атажұртқа қоныстануына себепші болған еді. Содан бері отыз жылдан аса уақытта елімізге мыңдаған қазақ балалары елге келіп, білім мен өнер игеріп, елдің рухани мәдениетін еселеуге өз үлестерін қосуда.

Осы ретте біздің оқу ордамыздан шетелдегі қазақ бауырларымыз ең алдымен білім нәрін осы біздің шаңырағымыздан сусындады. Дайындық кафедрасынан үлкен оқу орындарына жолдама алады, мамандық таңдайды, өмірге қанат қағып, еңбекке араласады. Республика күніне орай өткізілген бүгінгі кеште де, сол түлектердің бірі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Н.Елесбай қатысты. Ол өзінің осы жолдан өткен өнегелі үлгісімен жастарға кеңес берді. Н.Елесбайды ғылым жолына баулып, жолбасшы болған елімізге танымал ғалымдарымыз филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Орда және филология ғылымдарының кандидаты Ж.Сайлауқызы кешіміздің қадірлі қонақтары болды. Олар жастарға Республика күнінің маңызы туралы тағламды әңгімелерін айтып, білім мен тәрбиенің негізі болған ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге шақырды. Кешті ұйымдастырушылар факультет деканы С.Қ.Суатай, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі С.А.Сартаев және оқытушылар құрамы. Кеште қазақ халқының әуелеген әні, мың бұралағн биі, күмбірлеген күйі кештің сәнін келтірсе, жас ақындарымыз К.Дамыс, С. Дәуітхан, А.Серікбол атамекенге арналған жүрекжарды жырларын оқыды. Кештің соңында Көк байрағымызды көтерген жастар «Мен қазақпын» деген асқақ рухты әнмен аяқтады. Кешті тамашалаған көрермендерге ерекше рух сыйлаған бұл кештің өсері ерекше болды. Еліміздің рухы асқақтап, мерейі үстем бола берсін. Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын дегіміз келеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-н ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары,
Ж.С.Әділханова, Ә.М.Кәкенова, Ө.Д.Сандықбаева**

Денсаулық – ең басты құндылық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде оқып жүрген шетелдік студенттер үшін арнайы «Денсаулық – ең басты құндылық» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараға факультеттің оқытушылары мен АҚШ, Испания, Қытай, Түркия, Корея, Жапония, Монғолия және басқа да елдердің шетелдік студенттері қатысты. Іс-шара барысында сөз алған шетелдік студенттер табиғатты адам тіршілігінде қажеттіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды, салауатты өмір салтын ұстануды сөз ете отырып, барлық ұлттарды толғандырып отырып, барлық азаматтардың денсаулықтары мен рухани саулықтары ойландыратын, тазалық сақтау туралы ойларын ортаға сала отырып, дүниежүзілік қоғам мәселесіне айналып отырғанын да атап өтті.

Факультеттің оқытушылары баяндамалар жасай отырып, адамның денсаулығы – қоғам байлығы, әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керектігін, дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кірісетіні жайында баяндады.

Шетелдік студенттер көтерілген мәселелер жөнінде көптеген сұрақтар қойды. Сонымен қатар, бұл денсаулық тақырыбына арналған іс-шараға шетелдік студенттер белсене қатыса отырып, қазақ және орыс тілдерін меңгерген деңгейлерін, өз білімдерін көрсете білді.

«Денсаулық – ең басты құндылық» атты тәрбиелік іс-шара шетелдік студенттерді салауатты өмір салтын сақтауға үгіттеуге өз үлесін қосты деп санауға болады.

**А.Е. Саденова, Г.М. Мужигова, В.А. Габитова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті**